Үлкендер жолы – ұлық!

АЛАТАУ Ардагері

alm_obl_ardager@mail.ru | Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті | №27 (141) 19 маусым 2026 жыл

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

Көңілге рухани серпіліс сыйлады

Мемлекеттік рәміздер күні Қонаев қаласындағы орталық алаңда өтті. Шара барысында арнайы тікұшақ Көк Туымызды көк аспанда қалықтатып, жиналған қауымның рухын оятса, Әнұранымыз әуелете шырқалып, Елтаңбаның тәуелсіздігіміздің символы ретіндегі мән-маңызы насихатталды.

Салтанатты жиында Мемлекеттік Тудың әуеде қалықтаған әсерлі сәті ерекше есте қалды. Қонаев аспанында желбіреген Көк байрағымыз тәуелсіз елдің асқақ болмысын, береке-бірлігі мен жарқын болашаққа деген сенімін айқын көрсетті. Жиналған қауымның бойында мақтаныш сезімін оятып, мемлекеттік рәміздерге деген құрметін одан әрі арттыра түсті.

Шараға облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев қатысып, тұрғындарды айтулы мерекемен құттықтады.

«1992 жылы 4 маусымда Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасы ресми түрде бекітіліп, шежіреміздің жаңа парағы ашылды. Шәкен Ниязбековтің айбынды Көк Туы мен Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлихановтың бірегей Елтаңбасы, кейіннен Шәмші Қалдаяқовтың әуезді әнімен толыққан Әнұранымыз ұлттық болмысымыз бен азаттық рухымыздың мәңгілік символына айналды.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ұлт рәміздері-Тәуелсіздігіміздің киелі бойтұмары, мызғымас мемлекеттігіміздің белгісі. Қастерлі нышандарымыз Қазақстанның егемен ел, еңселі жұрт екенін жер жүзіне әйгілейді»,-деп рәміздердің маңыздылығына ерекше тоқталған болатын.

Биылғы мерекенің біз үшін маңызы тіптен ерекше, себебі еліміз жалпыхалықтық референдумда қабылдаған Жаңа Конституцияның қағидаттарына сүйене отырып, дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Жаңарған Ата Заңымыз - Әділетті Қазақстанды құру жолындағы мемлекетіміздің егемендігі мен тұтастығының басты кепілі. Осыған орай, «Рәміздер рухы - Конституция күші» жалпыұлттық патриоттық акциясы аясында қоғамда ұлттық рух бекемделіп, Ата Заң мен рәміздерге деген құрмет мәдениеті жаңа деңгейге көтерілуде.Мемлекеттік рәміздерімізде бүкіл Қазақстан халқын біріктіретін құдыретті күш бар. Тәуелсіздігіміздің алтын күмбезі саналатын нышандарымыздың мәртебесі арта берсін»,-деді аймақ басшысы.

Өңір дамуына үлес қосып жүрген бірқатар азаматты Мемлекеттік наградамен марапаттады. Солардың бірі-40 жылға жуық уақыт бойы білім саласында еңбек еткен, Қарасай ауданы Шалқар орта мектебінің директоры Бану Аманова. «Бүгінгі Мемлекеттік рәміздер күнінде «Құрмет» орденімен марапатталу-мен үшін үлкен мәртебе. Бұл менің ғана емес, білім саласына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан барлық әріптестерімнің, барлық ұстаздардың еңбегі деп бағалаймын. Осы қажырлы еңбегімізді елеп-ескеріп жатқан Президентімізге, облыс әкімдігіне, облыстық білім басқармасына алғысым шексіз. Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын. Көк Туымыз, Әнұранымыз бен Елтаңбамыз Отанымызбен бірге мәңгі жасасын. Еліміздің даңқы асқақтай берсін»,- деді марапат иесі.

Шара барысында мемлекеттік қызметтің түрлі бағытында еңбек жолын бастаған мамандар елге адал қызмет етіп, Конституция заңдарын берік сақтауға салтанатты түрде ант берді. Осылайша, егемендік айшығы болған Мемлекеттік рәміздер күні Алматы облысында мәні терең, көңілге рухани серпіліс сыйлайтын мазмұнды шаралармен жоғары деңгейде аталып өтті.

Алматы облысы
әкімдігінің баспасөз орталығы.

БӘРЕКЕЛДІ!

МІНЕ, ҚАМҚОРЛЫҚ ДЕП, ОСЫНЫ АЙТ!...

Мына қоғамдық өмірімізде әлеуметтік-тұрмыстық жағынан жағдайы төмендеп, қатарынан қалып отырған қауқарсыз отбасылар және жесірлер мен жетімдердің арамызда аз емес екендігін көзбен көріп, құлақпен естігеннен кейін оларды жасырып, жаба алмаймыз. Алайда, осындай жабырқап жүрген жандарға қол ұшын беріп, жақсылығын жасап жүрген жандарды көргенде қамыққанымыздан арылып, жадырап қалатынымыз бар.

Осындайда адам баласы атаулыдан көздері талып, көмек күтіп жүрген жарлы-жақыбайларға адалдық арымен ағынан жарыла, ақ ниетпен барымен базар етіп жүрген жайсаң жандар ойға орала береді. Қаскелең қаласындағы «Қарағай» моншасының басшысы, жеке кәсіпкер Бауыржан Жиренбаевтың осы бағытта атқарып жүрген жұмысы мен азаматтығы айырықша атап өтуге тұрарлық.

Халық «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!» деген қағидалы сөзді тектен-текке айтпаса керек. Осы сөз ойға оралған сайын тілімізге тиек етіп отырған Бауыржан Сәкенұлы сияқты жаны жомарт, алақаны ашық азаматтарға арналып айтылғандай шуақты әсерге бөлейді. Расында да 15 жылдан бері қайырымдылық жағынан қамқорлық жасауды басты мақсаты әрі асыл парызы етіп ұстанған ол осы бір сауапты істі ешқашан да назарынан қағыс қалдырып көрген емес.

Онысының 15 жылғысын емес, оның бергі жағын ғана айтар болсақ, ауыз толтырып айтарлық іс тындырып, халықтың ақ ниетті алғысына кенелгенін көре аламыз. 3 жылдан бері Қаскелеңдегі «Алтын ауыл» медресесіндегі 40 баланы қамқорлығына алып келе жатқандығы халыққа содан бері белгілі. Сол сияқты мешіттерді азық-түлікпен, басқа да қажетті заттармен үздіксіз қамтамасыз етіп отырады. Және де оның моншасына ардагерлер қауымы 1000 теңгелік жеңілдікпен еркін жуына алады. Сондай-ақ, жыл сайын 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні халық моншасына тегін түсіп жүр. Мұның өзі оның нағыз пейілі кең азамат екенін көрсетеді. Осы үшін-ақ, халық оны қатты қадірлейді.

Өткен халықаралық балалар мерекесінде Бауыржан Сәкенұлы балаларға деген қалтқысыз қамқорлығымен халықты тағы бір тамсандырып тастады. Ол сол күні Алматы қаласындағы Бостандық ауданына қарасты №1 балалар (жетімдер) үйіндегі 120 баланы жол сөмкісімен және толық киім-кешекпен қамтамасыз етіп, өзінің қайырымдылық қамқорлығын жасады. Сол сияқты 500 кауап (шашлық) пісіртіп, балаларға дастархан жайып берді. Мектепке дейінгі және бірінші сыныптан 11 сыныпқа дейінгі сый көрген бұл балалар Бауыржан Жиренбаевқа ризашылықтарын білдіріп, мәз-майрам болып қалды.

- Біз кәсіпкер Бауыржан Сәкенұлының мұндай қамқорлығын жыл сайын көріп келеміз. Биыл да солай болды. Оның осындай қайырымдылығына айтар алғысымыз шексіз. Шіркін, дәулетті азаматтардың бәрі осы Бауыржандай болса, балалардың арманы жоқ қой, - дейді осы балалар үйі директорының орынбасары Перизат Қанатқызы.

Бұдан кейін Бостандық аудандық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы, подполковник Нұрбол Елебеков Бауыржан Жиренбаевтың балалар алдындағы осынау еңбегін жоғары бағалап, оны департамент атынан арнайы Алғыс хатпен марапаттады. Сонда салтанатты жағдайдың куәсі болған қалың бұқара қауым: «Міне, қамқорлық деп, осыны айт!» деп Бауыржан Сәкенұлына ақ ниетті алғыстарын айтып жатты. Еліміздің ертеңі мен кемелді келешегіміз балалар үшін жасалған мұндай қамқорлыққа не жетсін!

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
Қаскелең қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы.

КЕГЕННЕН ЖЕДЕЛ ХАБАРЛАР

Балалар-болашағымыз

Кеген ауылында 1-маусым Халықаралық Балаларды қорғау күніне орай салтанатты шара өтті. Шараға аудан әкімі Н.Теңізбаев, мәслихат төрағасы Алмасбек Нөкербанұлы, аудандық прокурор Алмат Аметжанұлы ауыл тұрғындары, мектеп оқушылары қатысты.

Салтанатты ашылуында 1949 жылы БҰҰ-да балаларды қорғау жөнінде декларация қабылданды. Онда II-ші дүние жүзілік соғыста жетім қалған балаларды қорғау, оларға қамқорлық жасау жөнінде айтылды. 1950 жылдан бастап дүние жүзінде осы күн мерекемен аталып келеді. Ата-аналарға, жас бүлдіршіндерге ертеңгі қоғам қайраткерлерінің денсаулығының мықты болуына тілектестік білдірді.

Абыз ақсақал ардақталды

Кеген ауданының тумасы, жасы 90-ға келген «Қазақстанның құрметті құрылысшысы», халықаралық «Сократ» сыйлығының лауреаты, халықаралық құрылысшылар қоғамының дипломаты, «Құрмет», «І-ші дәрежелі Барыс» ордендерінің иегері, Кеген, Райымбек, Алматы облысының «Құрметті азаматы» Стахан Белғожаевтың құрметіне арнайы шара өтті. Оған Алматы облысы аудандарының әкімдері, мәслихат төрағалары, ғалымдар, шет елдік қонақтар қатысты.

Салтанатты шарада Алматы облысының әкімі М.Сұлтанғазиев С.Белғожаевты 90 жасқа толу мерекесімен құттықтады. С.Белғожаевтың Алматы облысында таулы аймақтарда тұңғыш рет Мойнақ су электр станциясының жобасын жасап, құрылысын аяқтауға айтулы үлесін қосқан азамат екеніне тоқталды. Кеген ауданының әкімі Н.Теңізбаев құттықтау сөз сөйлеп, ардагер абыз Стахан Белғожаевтың иығына шапан жапты.

Кәсіби мереке

Аудан орталығы Кеген ауылында «Мәдениет күні мен Музейлер күні» аталып өтті. Салтанатты шараға 12 ауылдық округтердегі мәдениет үйінің меңгерушілері, әншілер, мектептердегі ұйымдастырылған шағын музейлер меңгерушілері қатысты.

Мәдени шараның ашылу салтанатында аудан әкімі Н.Теңізбаев мәдениет қызметкерлерін құттықтап, сөз сөйледі. Мәдени қызметкерлер арасында үлгілі еңбек етіп жүрген бір топ азаматтарды марапаттады. Салтанатты жиын соңында аудандық мәдениет үйі жанындағы көркем өнерпаздар үйірмесі концерт қойды.

Ғылыми конференция

Көрнекті Бозымұлы Сары бидің құрметіне Қазақстан ғылым академиясының кіші залында конференция өтті. Конференцияға Кеген ауданынан делегаттар қатысты. Бозымұлы Сырым би-Албан тайпасынан шыққан белгілі сол кездегі қоғам қайраткері.

Конференцияда бір топ ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары Сары би туралы қысқаша баяндамалар жасады. Кеген ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ш.Тұрсынов Сары би жөнінде және Сары бидің інісі Жаншықтың баласы Әлмерек абыздың үлкен әкесіне тоқталып, әділ би атану жолында Сары бидің тәрбиесін алғанына тоқталды. Аталған екі үлкен билерден кейін Әлмерек абыздың үшінші баласы Қашаған би Албанға билік жүргізді. Белгілі Тезек төре Қашаған биді әр жылдар қолдап отырды. Жылысай ауылдық округі Ардагерлер алқасының төрағасы Болат Таубалдиев Сары би мен Әлмерек абыздың өздері билік құрған жылдары Қазақ халқының бостандығы және тәуелсіздік жолында көптеген жұмыстар жүргізгендігін айтты.

МЕМОРАНДУМ

Кемел келешекке нық қадам

Райымбек ауданының құрылғанына 90 жыл толуына орай, Қақпақ ауылында Алматы облысының білім басқармасы мен жоғарғы оқу орындары арасындағы Меморандум жоғары дәрежеде ұйымдастырылып, өткізілді.

"Ғылым мен білім-кемел келешекке нық қадам" тақырыбын арқау еткен ғылыми конференцияға ауданымыздан шыққан ғалымдар мен аудан мектептерінің оқушылары, ұстаздары қатысты. Ғылыми басқосу барысында Қақпақ ауылдық мәдениет үйінің кіре берісінде аудан оқушыларының ғылыми жетістіктеріне негізделген көрме, қонақтар назарына ұсынылды. "Stem және робототехника болашақтың кілті" және "Экожүйе және тірі табиғат" бағыттары аясында оқушылардың өнертабыстары қонақтар назарына ұсынылып, кең талқыға салынды.

Меморандумның ресми бөлімінің алғашқы сөз кезегін, Дастан Құдабаев алып, осынау игілікті іс-шараға келген қонақтарға ыстық лебізін білдіріп, аудандағы білім мен ғылым жаңалықтарынан хабардар етті. Алматы облысы білім басқармасының басшысы Қайрат Жұманов кезекті сөз кезегін алып, ғылыми басқосудың маңызын тілге тиек етті. Ауданымыздан шыққан игі жақсылар-ғалымдар мен білім саласының алыптарының ішінде алғаш сөз кезегін алып, ғибратты әңгімесімен баураған академик, мемлекет және қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, Әділ Ахметов ғалымдар көшін бастап, туған жерге ат басын бұрып, өз өмір жолындағы білім мен ғылым игіліктерін сөз етті. Әділ Құрманжанұлының ғибратты әңгімесі өзге де ғалымдардың болашақ жастарға айтар тұжырымды ойлары мен ақыл кеңестеріне ұласты.

Ғылыми конференцияның екінші бөлімінде ғылым жолында елеулі еңбек етіп жүрген адуынды ғалымдар түлектермен арнайы сыныптарда кездесіп, өзара ашық, еркін диалог құрып, үлкен өмірге аяқ басқалы тұрған жасөспірімдерге мамандық таңдау жолында бағыт-бағдар беріп, өмірлік тәжірибелерімен бөлісті.

Сондай-ақ, Алматы облысы білім басқармасының басшысы Қайрат Ізбасарұлы мен Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ректоры, жерлесіміз, Бейбіткүл Кәрімова меморандумға қол қойып, үлкен істің басын қайырды.

Өз тілшіміз.

ГИППОКРАТ АНТЫНА БЕРІК

Өз ісіне адал жандар

Дүние жүзіндегі ең басты байлық-адам. Дүние есігін іңгәлап ашқан сәбиден бастап қартайған жандарға дейін олардың денсаулықтарын бақылайтындар-ақ халатты абзал жандар. Осы салада жүрген жандар адам өміріне араша болып, үміт пен өмір сыйлап жатады.

Менің өмірден өтіп кеткен анашым екеуміз екі мамандық иесін ерекше құрметтейміз . Бірі – мұғалім, екіншісі – дәрігер. Анамның өзінен тараған ұрпақтарының жартысы-мұғалім, жартысы-дәрігер.

Мен жақында қатты ауырып, ауруханаға түстім. Жедел жәрдемдегі қызметкерлер ауруханаға апарды. Еңбек жолын енді ғана бастаған жас та болса қолы шипалы дәрігер Әділет Ғалымжанұлына алғысым шексіз. Жанға жайлы сөзімен, өзінің білімділігінің арқасында аяғымнан тік тұрғызды. Оған аналық рахметім шексіз.

Әділет туралы аудан халқы өте жақсы пікірде. «Ауданға жақсы травматолог келді» деп, ел-жұрт алғысын айтуда. Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын! Алла жақсы істерді алдыңнан кездестірсін!

Аурухананың үлкен бөлігінде жөндеу жұмыстары жүруде. Осындай қиын-қыстау кезеңде аудандық орталық аурухананы қиындықтан алып шығып отырған Әлия Ақжолтайқызына ардагер әжелер атынан рахмет!

Хирургия бөліміндегі қыздардың, соның ішінде ерекше өз ісіне тиянақты қарайтын ақ халатты абзал жандардың еңбегі ерен екенін өз көзіммен көрдім. Бөлім басшысына, Жазира, Гүлнұр, Нигара, Русям сияқты өз ісінің шеберлеріне алғысым шексіз. Бүкіл тазалықты ретке келтіріп жүрген Гүлнұр, Зоя, Бибігүл, Зуля, Назима, Майгүл секілді тазалық жанашырларына рахмет, еңбектері жана берсін! Төл мерекелерімен құттықтаймын.

Рая САРТОЛОВА.
Ұйғыр ауданы.

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ-81 ЖЫЛ

Республикамызда Ұлы Отан соғысына қатысқан 43 ардагер аталар мен 2038 тыл ардагерлері бар. Алматы облысында Ұлы Отан соғысына қатысқан 4 ардагер облыс аудандарында тұрады. Облыс жастары Ұлы Жеңістің 81 жылдығына байланысты ардагерлерге арнайы барып, ерекше сый-құрмет көрсетті. Батырлық пен қайсарлықтың символына айналған Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің жүріп өткен жолы, туған жерді, Отанды қорғауда көрсеткен ерліктері-бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге...

БАТЫРЛАРДЫҢ БАТЫРЫ

Адамзат тарихындағы ең қатыгез, әлемді дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына биыл 81 жыл толды. Алматы облысынан 120 мыңнан аса жауынгер сұрапыл соғысқа қатысса, 54 жауынгер Кеңес Обағының Батыры атағын алды. Еңбекшіқазақ ауданынан әскерге шақырылғандардың 15-сі Кеңес Одағының Батыры атағын алған.

Ащыбұлақ ауылындағы А. Н. Бубенцов атындағы орта мектепке 1998 жылдан бастап Жеңіс туын желбіреткен ұстаздардың ұстазы Кеңес Одағының Батыры Рақымжан Тоқатаевпен бірге, тыл ардагері Кеген ауданына танымал колхоз, совхоз директоры болған Ізбасар Құсайынов, «Даңқ» орденнің толық иегері Ыбрайым Қалдыбаевтар бастаған 13-Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер аталарды Алматыдан, Шелек аулынан шақырып, ұстаз оқушылармен әр жылдары кездесу-жиын өткізілді. 9-мамыр-Ұлы Жеңіс күніне орай 1998 жылдан бастап 2 Кеңес Одағының Батыры, Ұлы Отан соғысына қатысқан 13-ардагер аталарды мектепке, колледжге, ауыл әкімдігіне шақырып, жыл сайын кездесу өткізілді.

Солардың бірі Кеңес Одағының Батыры Рақымжан Тоқатаев Қаракемер ауылында 1923 жылы дүниеге келді. 1935 жылы Есік бекетіндегі бес жылдық қазақ мектебін бітірді. Қаракемерге мұғалім болып оралғанымен, 1942 жылы 9 тамызда әскер қатарына шақырылған. Өзбекстанның Чирчик қаласында артиллериялық училищеде оқыған. 672-танкке қарсы артиллериялық атқыштар полкінің құрамында болды. Сұрапыл соғыста 19 жасында 21 танк, 4 бронетранспортердің көзін жойған, Чехославакияны азат етуге қатысқаны үшін 1945 жылы 29 шілдеде Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Курск доғасында, Житомир, Винницу, Бердичев, Ужгород қалаларын, Чехославакияны азат ету соғыстарына қатысқан . Жеңіс күнін 1945 жылы Чехияда қарсы алды. Москвада Кремльде өткен Жеңіс парадына шақырылады. Оған Ленин ордені мен Алтын Жұлдызды құрметпен тапсырады. 1950 жылы Абай атындағы педагогикалық иниституттың физика-математика факультетін бітірген Рахымжан ата орта мектепте физика-математика пәнінің мұғалімі болып, ұстаздық жолды 40 жылдан аса жалғастырады. Есік қаласындағы А. Мәлкеев атындағы орта мектепте қарапайым мұғалімдіктен бастап, көп жыл директор болды. Кеңес Одағының Батыры Рақымжан Тоқатаевтың 70,75,80 - жылдығы аудан , облыс көлемінде аталып өтті. Рақымжан Тоқатаевтың аты-Есік қаласындағы мектепке және көшеге берілген. Мектепте Батыр атаға арналған мұражай бар. Туған аулына 2014 жылы Ұлы Жеңіс күніне орай Қ. Орынбетов мектебінің алдында Кеңес Одағының Батырлары Қашаған Жаманғараев пен Рақымжан Тоқатаевқа ескерткіш орнатылған.

Әсет АЛЖАНБАЙ.
Ащыбұлақ ауылы Еңбекшіқазақ ауданы.

МҰРАҒАТ

Қазақ даласындағы почта,телеграф тарихынан

1918-1922 жылдары қазақ даласындағы пошта-телеграф жүйесі Азамат соғысы мен ауыр ашаршылық салдарынан күйзелді. Байланыс толықтай әскери және мемлекеттік қажеттіліктерге бағындырылып, 1920 жылы құрылған Қазақ (Қырғыз) АКСР Ішкі істер халық комиссариатына қарасты Пошта және телеграф басқармасы арқылы басқарылды.

1918 жылы 26 қарашада құрамында Жетісу облыстық почта-телеграф комиссары, Ташкент пошта бөлімшесі, Верное пошта-телеграф бөлімшесі бірлескен комиссияның қаулысымен Жетісудың жылқы стансалары мемлекет меншігіне алынды (аттық пошта стансаларын мемлекет меншігіне алуды Түркістан Халық комиссариатының поштасы 17 қаңтар 1918 жылы бекітті. Сол қаулымен бүкіл республикадағыдай пошта бөлімшесіне автомобиль жолдарымен поштаны тасымалдау функциялары жүктелді. Осы қаулыға қоса берілген атпен жүретін пошта стансаларына қызмет көрсетуді ұйымдастыру жоспарында автомобиль жолдарының бойында пошта тасымалдау бөлімін құру көзделген. Жетісу облысындағы автомобиль жолдары бойынша пошта тасымалы бөлімі 1919 жылы 6-шы қаңтарда жұмыс істей бастады. Бөлім облыстық почта-телеграф басқармасына, ал 1919 жылдың мамырынан бастап облыстық почта-телеграф комиссариатына бағынады.

Жетісуда пошта тасымалдауды ұйымдастыру үшін облыстың автомобиль жолдары 10 учаскеге бөлінді:

1. Қарабалты – Қордай
2. Қордай – Верный
3. Арқабай – Қоянқұз
4. Алтын-Емел – Қорғас
5. Алтын-Емел – Қопал – Гавриловское
6. Пішпек – Рыбачье – Қочқар
7. Жаркент – Подгорное
8. Рыбачье – Пржевальск
9. Рыбачье – Нарын – Атбашы
10. Құлжа – Қорғас

Бөлімдерге қызмет көрсетуге жауапты қызметкерлер «бөлімдер» деп аталатын тәуелсіз өндірістік бөлімшелерге ұйымдастырылды. Секция қызметкерлері екі адамнан тұрды: бөлім меңгерушісі және жемші. Бөлімдердің болуы пошта тасымалдау бөлімінің ведомстволық бағынысты желісін анықтады. Атты пошта станциялары бөлімдерге бағынды.Станция ұжымы меңгеруші, қарауыл және вагоншылардан тұрды. Жылқылардың әр үштігіне бір шабандоз, әр бес үштікке бір қосалқы шабандоз бекітілді. Әр станцияда темір ұстасы, балғашы, доңғалақшы, ағаш ұстасы бар желі жөндеу шеберханасы болды. Әрбір бес-алты бекетке бір ерші тағайындалды. Станциялар мен цехтардың штат саны өзгеріссіз қалды.

Түркістан Республикасы Халық Комиссарлар Кеңесі мен Түркістан майданы Әскери Кеңесінің 1920 жылғы 30 шілдедегі No556 бірлескен қаулысымен Жетісудағы барлық жол мекемелеріне соғыс жағдайы жарияланды. Пошта тасымалы басқармасы Түркістан майданының байланыс бастығына бағынды.

1920 жылы 21 қыркүйекте ТүркіАССР Халық шаруашылығы орталық кеңесі жоғарыда аталған ұйымдарды Жетісу магистральдарының бас басқармасына біріктіру туралы Ережені әзірлеп, оған Жетісу мен Сырдария облысының Әулие-Ата ауданына пошта, жолаушылар және жүк тасымалдауларын ұйымдастыру жүктелді.

Басқарма 1921 жылдың 1 қаңтарынан бастап жұмыс істей бастады және Түркі АССР Орталық халық шаруашылығы кеңсесіне бағынды. 1921 жылы қазанда ТүркіАССР-да Жергілікті көлік бас басқармасы ұйымдастырылды, ал облыстарда Өлкелік атқару комитеттері жанынан жергілікті көлік басқармалары құрылды, алайда, Жетісу облысына қатысты, жергілікті көлік жұмысын толығымен Жоғары және тікелей «ГУМТ»-ға тікелей бағынатын Жетісу облысын қоспағанда, бұл ерекше көзделді.

1922 жылдың екінші жартысында біздің елде пошта тасымалдау қызметі бұрын қолданыста болған біртұтас тасымалдау жүйесінен бөлініп шықты. Пошта тасымалдау функциялары пошта және телеграф халық комиссариатына берілді.

Осы іс-шараларды жүзеге асыру үшін Жетісуда Жетісу тас жолын дамыту жөніндегі комиссия құрылды. Комиссия өз жұмысын 1922 жылы 3 қазанда аяқтады. Комиссия жасаған акт бойынша Жетісу магистралінің бас басқармасы Жетісу және Сырдария пошта жолы бөлімі болып аталды. Бөлім Түркістан пошта-телеграф округіне бағынды.

Түркістан почта-телеграф округінің бастығы 1923 жылы 14 мамырда Түркістан почта-телеграф округінің Жетісу және Сырдария пошта жолы бөлімін тарату және учаскелер мен станцияларды пошта иелері ұжымдарына беру туралы бұйрық шығарды.

20 ғасырдың басынан бастап, әсіресе 1930 жылдардан кейін пошта-телеграф кәсіпорындарының саны күрт артты. Қазақ телеграф агенттігінің құрылуы елімізде ақпараттық кеңістікті қалыптастыруда маңызды қадам болды.

Қазіргі таңда дәстүрлі телеграф тарихқа айналғанымен, оның ізімен дамыған заманауи пошта (Қазпошта), интернет және цифрлық телекоммуникация желілері Қазақстанның әрбір аймағын әлеммен жедел байланыстырып отыр.

Қорыта айтқанда, қазақ даласындағы пошта мен телеграф тарихы жай ғана хат тасу қызметі емес, ұлттың рухани, экономикалық және саяси дамуын алға сүйреген ұлы көпір болды.

Меруерт УӘЛИЕВА,
«Алматы облысы мемлекеттік архиві» Коммуналдық мемлекеттік мекемесі құжаттарды сақтау және есепке алу бөлімінің қойма меңгерушісі.

ГОРДОСТЬ НАЦИИ

ПОСОЛ СВОЕЙ ЗЕМЛИ

К 90-ЛЕТИЮ ОЛЖАСА СУЛЕЙМЕНОВА

Недавно в Алматы, в гостинице «Казахстан», прошёл 7-й Международный форум «Сближение культур Евразии: Посол своей земли». Это мероприятие было посвящено юбилею общественного деятеля, поэта и мыслителя Олжаса Сулейменова.

Организаторами выступили Фонд Булата Утемуратова, Международный центр сближения культур под эгидой ЮНЕСКО при Министерстве культуры и информации Республики Казахстан и партнёры.

На конференцию съехались известные деятели культуры, науки, литературы, международных организаций и общественных институтов из Казахстана, Франции, России, Азербайджана, Турции, Кыргызстана, Таджикистана, Узбекистана, Китая, США и других стран. Аккредитованы десятки телекомпаний, электронных и печатных изданий, в числе которых, к слову, была и наша региональная «Алатау Ардагеры».

Надо отметить, что все культурные и гуманитарные проекты, связанные с наследием именитого поэта, поддерживаются Фондом Утемуратова на протяжении ряда лет. При его содействии переизданы на трёх языках книги: «Посол своей страны», знаменитая «Аз и Я», «Книга поэм» и новые произведения, презентация которых состоялась в этот день.

Министр культуры и информации РК Аида Балаева презентует новые издания книг Олжаса Сулейменова.

На пленарном заседании модератором был Козыбаев Сагымбай Кабашевич – президент Академии журналистики РК. Первое слово предоставили Балаевой Аиде Галымовне, заместителю Премьер-министра - министру культуры и информации РК.

«Поздравляя Олжаса Сулейменова с юбилеем, Глава государства отметил его заслуженное признание в Казахстане и на мировом уровне, как выдающегося поэта, мыслителя и авторитетного общественного деятеля. Президент особо подчеркнул, что гуманистические идеи Олжаса Сулейменова стали достоянием национальной культуры и общественно-политической мысли далеко за пределами страны, внесли огромный вклад в историческое самосознание казахского народа», - процитировала глава министерства.

Балаева напомнила и о вкладе Сулейменова О.О. в период работы его послом в Европе, достойно представляющего нашу страну на международных площадках, продвигавшего Казахстан как государство открытого диалога.

Не менее значимой является его гражданская миссия, созданная им международная антиядерное движение «Невада-Семей» стало символом стремления Казахстана к миру, гуманизму и ответственности перед будущими поколениями.

И символично, что юбилей Олжаса Омаровича отмечается в год 30-летия его закрытия Семипалатинского ядерного полигона.

Его философия осознанной взаимозависимости народов и культур приобретает особую актуальность в XXI веке. В современном мире, где человечество сталкивается с новыми вызовами, именно культура, образование, наука становятся основой доверия, взаимопонимания и устойчивого развития.

Министр также отметила, что важно не просто отдать дань уважения жизненному пути поэта, но и включать его идеи в современный образовательный, научный и культурный процесс.

Наряду с книгами, научными статьями, переводами, архивными материалами большое значение имеют современные форматы: документальные и творческие проекты, в том числе фильмы, посвящённые многогранной деятельности Олжаса Сулейменова. Сам виновник юбилея присутствовать на форуме по состоянию здоровья не мог, но обратился к аудитории через LED-экраны по видеосвязи с приветственным словом.

Также онлайн приветствовали писателя и участников форума Шаймиев М.Ш. - государственный советник Республики Татарстан, первый Президент Республики Татарстан, и Швыдкой М.Е. - специальный представитель Президента Российской Федерации по международному культурному сотрудничеству, бывший министр культуры РФ.

В списке выступающих с трибуны были: Рзаев А.Р., председатель Союза писателей Республики Азербайджан; Раев С.А., генеральный секретарь ТЮРКСОЙ (Турция, Анкара); Карбозова А.Б., генеральный директор Фонда Булата Утемуратова (Казахстан, Алматы); Пирич Амир –директор Регионального Бюро ЮНЕСКО в Алматы (Франция); Раимкулова А.Р., президент Международного фонда тюркской культуры и наследия (Азербайджан, Баку); Кулкенов М.А., председатель Союза писателей Республики Казахстан; Смирнова С.К., председатель Генерального совета Ассамблеи народов мира (Россия, Москва); Канапьянов Е.М., президент Евразийского фонда культуры, академик Академии журналистики РК; Крупко И.В. - доктор философии, академик Академии журналистики РК и другие.

На форуме было несколько презентаций книг Олжаса Омаровича.

Состоялось также вручение золотой медали имени Олжаса Сулейменова «Возвысить степь, не унижая горы», звания «Почётный профессор Атырауского университета имени Х. Досмухамедова», картины от акимата Павлодарской области.

В этот день было сказано очень много хороших слов, ярких спичей в адрес юбиляра и все их упомянуть, к сожалению, невозможно. Но я бы особо выделил выступление Зайдуллина Ркаила Рафаиловича, председателя Союза писателей Республики Татарстан. Он сказал следующее:

«Значение Олжаса Сулейменова не ограничена лишь одним Казахстаном и даже тюркским миром. Оно ещё в XX веке обрело воистину мировой масштаб. Это непросто и ответственно - быть сыном казахского народа и одновременно сыном матери – земли! Если бы можно было одним словом описать всю многогранную деятельность Олжаса Сулейменова, то этим словом было бы - планетарность. Планетарный человек смело шагает по мирам и эпохам, объединяет цивилизации и рушит наносные и ложные концепции. Во имя славы человеческого разума, во имя жизни и справедливости!»

Лучше не скажешь!

Рамазан ЕЛЕШЕВ.
г Алматы.

АУЫЛ АЗАМАТЫ ТУРАЛЫ АЗДАҒАН СЫР

ЕРІНІН ЕСІМІ ЕЛІНІН ЕСІНДЕ

Әр ауылда сол елді мекеннің тарихына өз адал еңбегімен үлесін қосып, ел есінде қалатын ерлері болады. Балқаш ауданының көл мен шөлі түйіскен жеріндегі Құйған ауылы да қашан да елге сыйлы, еңбегімен танылған ондай азаматтарға кенде болған емес. Солардың бірі бар ғұмыр жолын ел игілігіне арнаған, ұзақ жылдар байланыс саласында жемісті еңбек еткен, балаларының өнегелі әкесі, немерелерінің ардақты атасы, ел-жұртының ауыз толтырып, айтып жүрер атпалдай азаматы Төлеу Тықырұлы дер едік. Бүгінгі әңгіме өзегін мына жарық дүниеден мәңгілік дүниесіне өтіп, Пайғамбарлар еліне аттанғанына жиырма жылдай уақыт өтсе де ел-жұртының есінде жүрген осы азаматтың тіршілікте жүріп өткен адами жолына арнағымыз келеді.

Өкінішке орай ол кісі бүгіндері арамызда жоқ екенін, бар әңгімені өткен шақта айтатынымызды тағы да айта кетейік. Бірақ, бір ерекшелігі, оның есімі мен елге сіңірген еңбегі, адамгершілік қасиеті, адами жолы оны білетін жандардың жүрегінде мәңгі сақталып келе жатқаны анық. Бұл оны жақын, жақсы таныған, көздері көрген ауыл жұртының қарапайым еңбек адамына, ауылдас азаматына берген бағасы мен құрметі болар шамасы.

Әңгіме арқауына айналғалы отырған азамат 1930 жылы 15 маусымда он бір балалы отбасының шаңырағында дүние есігін ашқан екен. Әкесі Молдарұлы Тықыр (Жанрақым) балықшылық кәсіпті өміріне серік етсе, анасы Қаспекқызы Зейнекүл үйдің тірлігінде жүрген көрінеді. Он бір ағайындының ішінде екі үлкен әпкесі мен үш қарындасы, барлығы бес бауыры бұл өмірден ерте қайтыпты. Сол кездегі күнкөріс жағдайы солай болған болуы керек, ол еңбекке ерте араласа бастап, әкесінің жанында балықшы болған. Бақанастағы интернатта жүріп, Молотов атындағы мектепті 1953 жылы бітіріп, үлкен өмірге бет алған оның алғашқы ресми еңбек жолы Балқаш көлі жағасындағы Иір елді мекенінде орналасқан балық қабылдау пунктінде балық қабылдаушы лауазымынан басталғаны анық. Еңбегімен көзге түскен зерек жас келесі жылы Ескіөзек деген жердегі томат зауыты директорының орынбасарлығына қабылданыпты. Бұл томат өнімі сол кездің өзінде-ақ су кемесі арқылы Балқаш көлінің арғы бетіне жеткізіліп, Қарағанды, Жамбыл, басқа да облыстарға жөнелтіліп тұрғаны анық.

Соғыс жылдарында Алматы облысының әкімі болған Шалбай Күлмахановтың үйімен Құйғанда көрші тұрыпты. Ол кез Күлмахан қарияның соғыста жүрген кезі болса керек. Майдан даласынан келген хатын сауаты бар Төлеу ағамыз атамыздың кемпіріне оқып беріп, сауапты іс жасап отырады екен.

Төлеу ағамыз жазушы Бек Тоғысбаевпен, химия ғылымдарының докторы, академик Қоялы Аяпбергеновпен, мықты математик Бекжігіт Бижігітовпен бірге оқып, кластас болғанын да айта кетейік. Бек Тоғысбаев «Бозжорға» повесінде осы Төлеу ағамыз туралы жазып кеткені тағы бар. Ол кісілермен өмірінің соңына дейін араласып тұрды.

1957 жылы Құйған ауылындағы пошта торабына басшы болып тағайындалады. 1960 жылы Семей қаласындағы байланыс техникумына сырттай оқуға түсіп, оны 1963 жылы бітіріп шығады. Алған мамандығына сәйкес қызметі жоғарылап, 1966 жылы аудан орталығы Бақанас ауылындағы аудандық поштаға басшы болғаны бар. Бұл қызметті ары қарай жалғастыруға ауылдағы қарт әке-шешесінің денсаулығы әсер етіп, 1967 жылы қайтадан Құйған ауылындағы пошта торабына ауысып, сол жерде зейнет жасына шыққанша басшылық қызметте болды.

Төлеу Тықырұлы саналы ғұмырын байланыс саласына арнап, ауыл тұрғындарының бір-бірімен хабарласып, қуанышы мен қайғысын бөлісуге қызмет етті. Ол өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарап, қай кезде де еңбек тәртібін, адалдық пен ұқыптылықты басты орынға қойды. Басқа елді мекендердегі әріптестері оның қарапайымдылығын, еңбекқорлығын және адамдармен тіл табыса білетін қасиетін ерекше бағалайтын.

Төлеу ағамыз туған жерін ерекше қадірледі. Ауылдастарының қуанышы мен қайғысына ортақтасып, көпшілік шаралардан шет қалмайтын. Елдің ынтымағы мен бірлігіне үлес қосқан азамат ретінде жұртшылықтың құрметіне бөленді. Ауылдың жанашыры ретінде өзі тұрған жердің әлеуметтік өміріне де етене араласып, кейбір мәселелерге жанашырлық, перзенттік позициямен келіп, халыққа қажетті мектеп пен аурухана ғимараттарының салынуына да өз үлесін қосқан екен. Халық саны өсіп, мектеп ғимараты таршылық ете бастағанын сезген ол сол кездегі облыс әкімі болған Шалбай Күлмахановтың қабылдауына жазылып, осы мәселені өңір басшысының алдына қойған көрінеді. Ол ол ма? Одан кейін де ауылдағы ауруханаға жаңа ғимараттың қажет екенін ескеріп, Талдықорған қаласындағы облыс басшысына қайта-қайта кіріп жүріп, оның де оң шешілуіне қол жеткізген екен. Бұл оның азаматтық, перзенттік ісі деп айтуымызға толық негіз бар.

Адал еңбегімен қатар Төлеу ағамыз өнегелі отбасының тірегі бола білді. 1954 жылы апамыз Баспаева Сәбикүлмен отау құрып, жанұялы болған. Одан бері өткен жылдар ішінде олардың тәрбиелеп өсірген он баласының оны да білім алып, әке мен шешенің еңбегі мен үмітін ақтай білді. Ата-ана атанған екеуі олардың барлығына адамгершілік, еңбекқорлық, үлкенді құрметтеу, кішіге қамқор болу сияқты асыл қасиеттерді сіңіре білді. Бүгіндері ұрпақтары әке-шеше тәрбиесін жалғастырып, әр салада абыройлы еңбек етіп келеді. Бұл-әкенің өмірлік ұстанымы мен тәрбиесінің жемісі.

Алты қыздың үлкені Бақыт Төлеуқызы да анасының жасын қуып, 70-ке де келді. Медицина саласында 21 жыл абыройлы еңбек атқарса, одан кейінгі қызы Гүлнар Төлеуқызы сауда саласында 15 жыл қызмет атқарып, кейіннен білім беру бойынша екінші рет қайта оқып, тәжірибесімен өскелең ұрпақпен бөлісті. Кәзір зейнет жасында. Үшінші қызы Динара Төлеуқызы да әпкесі Бақыт секілді медицина саласында білім алған.

Төлеу ағамыздың Жанат қызы-қиын да қызығы мол есепші мамандығын меңгеріп, 20 жыл өзінің біліктілігін, ұқыптылығы мен жауапкершілігін көрсете білген жан. Ақмарал қызы бүгінгі таңда жеке кәсіпкер ретінде танылып жүр. Қыздың кенжесі Анар Төлеуқызы-заман талабына сай дамып келе жатқан байланыс мамандығы бойынша білім алып, бұл саланың қыр-сырын жетік меңгеріп, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдай білген.

Төлеу әулетінің шаңырағындағы ұлдың үлкені Жарасхан Төлеуұлы жоғары білімді. Конев атындағы әскери училищені бітірген. Екінші алған жоғары мамандығы-заңгер. 1986-1998 жылдар аралығында әскери қызмет атқарып, бұл салада да өзін көрсете білді. Бүгінгі таңда балық шаруашылығын басқарып, еңбек етуде.

Ұлдың екіншісі, қара шаңырақтың иесі атанған Бауыржан Төлеуұлы туған ауылында балық шаруашылығында еңбек етсе, үшінші ұлы Ғалымжан Төлеуұлы алдымен білім саласында, одан кейін мемлекеттік қызметкер ретінде өзін жақсы қырынан көрсете білді. Бүгінгі таңда кіндік қаны тамған Құйған ауылының әкімі қызметін атқаруда. Адал басшы қашан да өзінің халқының мүддесін ең бірінші кезекке қояры сөзсіз. Ауыл тұрғындарының алғысына бөленіп, ауыл ақсақалдарының батасын ала жүріп қызметін жалғастыруда.

Төлеу атамыз бен Сәбикүл апамыздың сүт кенжесі Қали Төлеуұлы ағасының ізін басып, әскери мамандықты таңдады. 2010-2012 жылдар аралығында Ресейдің Санкт-Петербург қаласындағы Әскери академияны «Алтын белгімен» аяқтады. Бүгінгі таңда аты алтын әріппен мәртебесі биік қызметкерлер тақтасында тұрған Қалиды бауырлары мақтан тұтады. Еңбек жолын 1993 жылы қатардағы жауынгерден бастаған ол 2019 жылы полковник дәрежесін алды.

«Жақсының аты өлмейді» дейді халқымыз. Төлеу Тықырұлы өзінің адал еңбегімен, қарапайым мінезімен, көпке жасаған жақсылығымен ел жадында қалды. Оның жарқын бейнесі туған туыстары мен ауылдастарының жүрегінде мәңгі сақталады деп ойлаймын.

Қолыма қалам ұстап жүрген соң осындай ел ағаларының өнегелі өмір жолын кейінгі ұрпаққа үлгі етуді өзімнің інілік парызым санадым. Ол кісі туралы айтқан аздаған сырым сол мақсаттан туған дүние еді. Уақыт өтер. Алайда, ауылымның бетке ұстар азаматтарының бірі Төлеу Тықырұлының есімі туған жерінің тарихында адал еңбек пен адамдықтың жарқын үлгісі болып қала берері-ақиқат.

Қазақта «Жоқтаушысы жоқтан сақтасын» деген сөз бар. Арамызда жоқ болғанына жиырма жылдай уақыт өтсе де артында қалың орман қазағы-ауылдастары тұрғанда осындай азаматының есімі де, бейнесі де жүректерде жүретіні анық.

СИҚЫМБЕКТІҢ Алтынбайы,
Қонаев қаласының
Құрметті азаматы.
Құйған ауылы. Балқаш ауданы.

МЕКТЕПІШІЛІК ЖАРЫС

Бар мейірім балаларға

Кезекті оқу жылының аяқталуына және балаларды қорғау күніне орай №37 орта мектебінің спорт ғимаратында бастауыш «Алатау жастары» қоғамдық бірлестігінің демеушілігімен 5-8 сынып оқушылары арасында волейболдан мектепішілік жарыс өтті.

Жартылай финалдық кездесулерде өз қарсыластарына есе жіберген 6-7 сынып командалары 3-ші орын үшін таласты. Аса тартысты өткен ойында биылғы аудан біріншілігінің жүлдегері 6-шы сынып оқушылары басымдық көрсетіп, 3-ші орынды жеңіп алды. Команда капитаны ауданымыздың үздік ойыншысы атанған Мирас Мейірханның ойынын ерекше атап өткен жөн.

Ақтық сында өз қарсыласын қапы қалдырған 8 «А» сынып оқушылары жарыстың жеңімпазы атанды. Ал қыздар командалары арасында барлық қарсыласынан басым түсіп өте тартымды ойын өрнегін көрсете білген 7-ші сынып оқушылары 1-ші орын алды. Сондай-ақ барлық жүлдегер командалар және үздік ойыншылар ұйымдастырушылардың арнай тағайындаған медаль грамоталары және кубоктарымен марапатталды.

Бұл жарыста «Алатау жастары» қоғамдық бірлестігі өзінен кейінгі ұрпаққа деген шынайы тәрбиелік мәні зор қамқорлығын көрсете білді. Округімізде ұрпақтар арасындағы сабақтастық осындай игі іс-шаралар арқылы өз жалғасын табуда.

Дәулетбай ЖАМАЛБЕКОВ,
Ащыбұлақ ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрағасы
Төле би ауылы

УГОЛОВНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ

НЕЗАКОННОЕ НОШЕНИЕ ОРУЖИЯ: ЧТО ВАЖНО ЗНАТЬ?

В Казахстане за незаконное ношение, хранение или сбыт холодного и других видов оружия предусмотрена уголовная ответственность в соответствии со статьёй 287 Уголовного кодекса. Под запрет подпадают такие предметы, как кастеты, ножи и другие виды оружия, если их ношение или хранение не связано с законными целями. Даже если предмет не использовался, сам факт его наличия при себе может повлечь привлечение к ответственности.

Закон предусматривает различные виды наказания - от штрафов и общественных работ до ареста. В случаях, связанных с огнестрельным оружием или при отягчающих обстоятельствах, ответственность значительно усиливается и может предусматривать лишение свободы.

Многие граждане ошибочно считают, что хранение либо перевозка подобных предметов «для личной безопасности» не влечёт ответственности. Однако даже сам факт незаконного хранения или ношения оружия может стать основанием для привлечения к уголовной ответственности.

Проблема незаконного оборота оружия остаётся актуальной и сегодня. Основная часть подобных фактов выявляется на объектах транспортной инфраструктуры - в аэропортах и на железнодорожных вокзалах при прохождении досмотрового контроля с использованием специализированного оборудования.

В большинстве случаев запрещённые предметы обнаруживаются у граждан при прохождении проверки багажа и ручной клади. Наиболее распространёнными предметами остаются кастеты, ножи и иные виды холодного оружия.

Одним из основных способов приобретения запрещённых предметов остаются интернет-магазины и маркетплейсы, включая зарубежные интернет-площадки. Кроме того, отдельные граждане приобретают подобные предметы на рынках либо хранят найденное оружие, не сообщая об этом в правоохранительные органы.

Вместе с тем проводимая профилактическая работа уже показывает положительные результаты. В текущем году количество зарегистрированных правонарушений данной категории снизилось до 605 фактов (в 2025 году - 657, в 2024 году - 757, в 2023 году - 722). Что свидетельствует о положительной динамике и эффективности принимаемых профилактических мер.

Положительное влияние оказывает усиление профилактической и информационно-разъяснительной работы. На железнодорожных вокзалах, в аэропортах и других общественных местах транслируются видеоролики и информационные материалы о запрете незаконного ношения оружия и предусмотренной законом ответственности.

Кроме того, сотрудниками полиции на постоянной основе проводятся профилактические мероприятия и разъяснительные беседы с гражданами, направленные на предупреждение правонарушений и повышение правовой грамотности населения.

Также гражданам разъясняется возможность добровольной сдачи оружия и запрещённых предметов. В случае добровольной сдачи до момента обнаружения сотрудниками полиции лицо может быть освобождено от уголовной ответственности в соответствии с законодательством.

Положительное влияние также оказывает совершенствование досмотровых мероприятий с применением современных технических средств контроля, что позволяет своевременно выявлять запрещённые предметы и предотвращать возможные угрозы общественной безопасности.

Проводимая работа направлена прежде всего на предупреждение правонарушений, обеспечение общественной безопасности и повышение уровня правовой культуры населения.

Следует помнить, что соблюдение требований закона — это не только обязанность каждого гражданина, но и важное условие общественной безопасности.

Р.МАКУЛБЕК,
прокурор отдела Департамента КПС СУ ГП РК на транспорте.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Қатты тұрмыстық қалдықтарды тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар!

Қатты тұрмыстық қалдықтарды дұрыс басқару – халық денсаулығын қорғаудың, қоршаған ортаны ластанудан сақтаудың және елді мекендердің санитариялық жағдайын жақсартудың маңызды бөлігі. Тұрмыстық қалдықтардың тиісті түрде жиналмауы, тасымалданбауы немесе көму ережелерінің бұзылуы ауа, топырақ және су сапасына кері әсерін тигізіп, түрлі жұқпалы аурулардың таралу қаупін арттырады.

Қатты тұрмыстық қалдықтарды (ҚТҚ) жинауға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бекітілген санитариялық қағидаларымен реттеледі. Бұл ережелер қоршаған ортаны қорғау және халықтың денсаулығын сақтау мақсатында қатаң бақыланады. ҚТҚ-мен жұмыс істеудің негізгі санитариялық талаптары:

1. Жинау және уақытша сақтау

Арнайы контейнерлер: Қалдықтар тек қақпағы бар, су өткізбейтін және берік жабылатын контейнерлерге жиналуы тиіс.

Алаңқайлар: Қоқыс контейнерлеріне арналған алаңдар қатты төсеммен (асфальт немесе бетон) жабдықталуы және жуып-тазалауға ыңғайлы болуы керек.

Қашықтық: Тұрғын үйлерден, балабақшалар мен мектептерден, сондай-ақ емдеу мекемелерінен контейнерлік алаңқайға дейінгі қашықтық кемінде 20 метр болуы тиіс.

2. Тасымалдау

Жабық көліктер: ҚТҚ-ны тасымалдау арнайы жабдықталған көліктермен жүргізіледі. Тасымалдау барысында қалдықтар шашылып қалмауы немесе сыртқа төгілмеуі керек (көлік үсті міндетті түрде жабық болуы немесе брезентпен тартылуы тиіс).

Мерзімділік: Қоқысты шығару жиілігі санитариялық нормаларға сай орындалуы шарт. Қалдықтарды контейнерлерде 0С және одан төмен температурада сақтау мерзімі – үш тәуліктен аспайды, оң температурада – бір тәуліктен аспайды.

3. Көму және залалсыздандыру

Полигондар: ҚТҚ-ны көму тек арнайы маманданды-рылған, экологиялық және санитариялық сараптамадан өткен полигондарда жүзеге асырылады.

Қоршау және абаттандыру: Полигон аумағы қоршалуы, жасыл желекпен көгалдандырылуы және кіреберіс жолдары болуы тиіс.

Төсеу және тығыздау: Қалдықтар полигонға төселгеннен кейін көлемін азайту және жағымсыз иістер мен зиянкестердің алдын алу үшін арнайы бульдозерлермен тығыздалып, үсті топырақпен жабылады.

Рұқсат етілмеген орындарға төгуге тыйым салынады: ҚТҚ-ны белгіленбеген орындарға, ормандарға, су айдындарының маңына немесе рұқсатсыз қоқыс орындарына тастауға қатаң тыйым салынады.

Қатты тұрмыстық қалдықтарды қауіпсіз басқару – санитариялық мәдениеттің айқын көрсеткіші. Әрбір коммуналдық қызмет, кәсіпорын және азамат арнайы талаптарды орындау арқылы ортақ экологиялық жауапкершілікке үлес қосады.

МЕНИНГОКОККК ИНФЕКЦИЯСЫ, БҰЛ НЕ?

Менингококк инфекциясы – Neisseria meningitidis бактериясы қоздыратын өте қауіпті жедел жұқпалы ауру. Ол ауа-тамшы арқылы (жөтелгенде немесе түшкіргенде) беріледі және ең ауыр түрлерінде (менингит, сепсис) бірнеше сағат ішінде адам өміріне қауіп төндіруі мүмкін.

Инфекцияның түрлері

Симптомсыз тасымалдаушылық: Адам ауырмайды, бірақ бактерияны айналасына жұқтыра алады.

Жедел назофарингит: Мұрын мен жұтқыншақтың қабынуы, кәдімгі суық тиюге немесе тұмауға ұқсас өтеді.

Іріңді менингит: Ми қабығының қабынуы.

Менингококк сепсисі (менингококцемия): Инфекцияның қанға таралуы, өте тез асқынады.

Негізгі белгілері

Ауру көбінесе кенеттен басталып, бірнеше сағат ішінде өте жылдам дамиды: Дене қызуының 39-40°С-қа дейін күрт көтерілуі және қалтырау.

Бұрын жүрек айнусыз болатын ұстамалы құсу.

Шексіз қатты, төзгісіз бас ауруы.6-15 сағат ішінде теріде жұлдызша тәрізді қызыл бөртпелердің пайда болуы.

Адамның арқа және аяқ-қол бұлшықеттерінің сырқырауы.

Қауіпті топтар

Статистика бойынша бұл инфекциядан көбінесе 5 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер зардап шегеді.

Алдын алу шаралары

Наурыз-сәуір айларында (аурудың маусымдық өршу кезеңі) адам көп жиналатын орындарға бармауға тырысу.

Бөлмені жиі желдетіп, ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізу.

Жалпы иммунитетті көтеру (витаминдер қабылдау, серуендеу).

Дәл осы аурудың белгілерін байқасаңыз, емханаға баруды күтпей, дереу жедел жәрдем шақыру (103) қажет. Уақытында көрсетілмеген көмек өлімге әкелуі мүмкін.

Менингококк ауруы – дер кезінде тану мен емдеуді қажет ететін ауыр инфекция. Оның белгілерін, қауіп факторларын және алдын алу шараларын түсіну өмірді сақтай алады. Вакцинация бұл аурудан қорғаудың ең тиімді әдісі болып қала береді. Менингококк инфекциясына күдіктенсеңіз, дәрігерге қаралудан тартынбаңыз.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық–эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сиқымбек
Тел.: 8 705 965 3661
Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.

«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 8500
Тапсырыс №1332
Индексі – 65472.